


Ақмола облысының педагогтері үшін «ЕББҚ бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау» тақырыбы бойынша онлайн семинарлар сериясы шеңберінде оқыту семинарының 1-ші күнін өткізу туралы

12.04.2023 жылы инклюзивті тәжірибелерді енгізуге жауапты аудандық және қалалық білім бөлімдерінің әдіскерлеріне, инклюзивті білім беру үйлестірушілеріне, облыс мектептері директорларының орынбасарларына арналған «ЕББҚ бар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі оқу процесін ұйымдастыру және бақылау» тақырыбында оқыту семинарының 1-ші күні өткізілді.

Іс-шараға Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының инклюзивті білім беру орталығының жетекші сарапшысы, инклюзивті білім беру бағыты бойынша магистр Майя Жеңісқызы Темірбаева «Мектептегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі» тақырыбы бойынша баяндама жасады қатысты. Семинар модераторы Ақмола облысында инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі үйлестіру Кеңесінің төрағасы, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері саяси ғыл.кандидаты Ибраев Марат Өмірбайұлы болды.

Сондай-ақ, аудандық мектептердің өкілдері баяндамаларымен қатысты, инклюзивті білім беру үйлестірушісі М.Е. Кошкинова Зеренді ауданы Қонысбай ауылының инклюзивті білім беруді қолдау кабинетінің жұмыс тәжірибесі туралы айтып берді.

№ 19 ЖББМ ресурстық орталығының әкімшілігі мен мамандары мектепте психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің қызметін ұйымдастыру, үйде тегін оқытуды ұйымдастыру және бақылау, оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау алгоритмдері, сондай-ақ инклюзивті білім беруді қолдау кабинетінің жұмысы туралы сұрақтарға жауап берді.




Темирбаева М.Ж.



Тохан М.



Кошкиновой М.Е.



Модератор Ибраев М.У.

Орынд.: Жангали І.Ә.